



Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 сәуір N 478. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.24. N 706 қаулысымен. ~P010706

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 және "Сақтандыру туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 Заң күші бар Жарлықтарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының аумағындағы сақтандыру қызметін лицензиялау туралы Ереже 1-қосымшаға сәйкес;

сақтандыру қызметін жүзеге асыруды лицензиялау нысаны,
2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 сәуірдегі
N 478 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасының аумағындағы
сақтандыру қызметін лицензиялау туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау (Қазақстан

Республикасының Мемсаққадағалауы) туралы Ережеге және қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде жол беріледі.

3. Сақтандыру қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауы жүзеге асырады.

4. Лицензиялау тәртібі осы Ереже айқындайтын сақтандыру қызметі сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасасумен және оларды орындаумен байланысты сақтандырушының қызметі ретінде түсініледі.

5. Адам өмірін сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған сақтандыру ұйымның өзге сақтандыру қызметімен айналысуға құқығы жоқ.

6. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға сақтандырушы мәртебесін алады және лицензия алған сәттен бастап сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына ие болады.

7. Сақтандыру агентінің, сақтандыру брокерінің қызметі,

сондай-ақ сақтандыру тәуекелдерін бағалаумен, залалдың мөлшерін, сақтандыру төлемдерінің мөлшерін анықтаумен, сақтандыру төлемдері өзге де консультациялық және зерттеу қызметтерімен байланысты қызмет лицензиялауды талап етпейді.

8. Осы Ережеде көзделген шарттар өз қызметтерін "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлғалардың барлығы үшін бірыңғай болып табылады.

2. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия ұғымы, оның түрлері мен нысандары

9. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия - бұл оның иесінің Қазақстан Республикасының аумағында осы қызметті қолданылып жүрген заңның шарттары мен талаптарын сақтай отырып, жүзеге асыруға деген құқығын растайтын рұқсат.

Лицензия мерзімсіз болып табылады және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

10. Лицензия нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және төмендегідей реквизиттері болады:

лицензияға ие сақтандырушының атауы, оның заңды мекен-жайы;
сақтандырушының ұйымдық-құқықтық нысаны;
сақтандыру қызметі түрінің атаулары мен міндеттілік дәрежесі;

лицензияның қолданылу мерзімі;
сақтандыру аумағы;
лицензияның сериясы, номері және берілген күні;
басшының (немесе басшының орынбасарының) қолы және Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалаудың ел таңбасы бар мөрі;
тіркеу нөмірі;
лицензияны берген жер.
Ерікті жеке және мүліктік сақтандыруды жүзеге асыруға берілген лицензияға сақтандырушының жүзеге асыруға құқы бар сақтандыру түрлерінің тізбелері қоса беріледі.

11. Лицензиялар:

өмірді ерікті сақтандыруды;
ерікті жеке сақтандыруды;
ерікті мүліктік сақтандыруды;

Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асыруға беріледі.

Өмірді сақтандыру сомасын төлеу көзделген сақтандыру шарттарын жасау мен оны орындау ретінде түсіндіріледі, олар мына жағдайларда төленеді:

с а қ т а н д ы р у ш ы н ы ң ө л і м і ;

сақтандыру мерзімінің бітуі немесе сақтандырылушының шартта белгіленген с а қ т а н д ы р у ж а с ы н а ж е т у і ;

сақтандырылушыға табыс-рента (зейнетақы) сақтандыру шартында көзделген (сақтандыру шартының қолданылу күшінің бітуі, сақтандырылушының белгілі бір жасқа жетуі, сақтандыру шартының күші бар кезеңіндегі ағымдағы төлемдері) жағдайларында төленеді.

Жеке сақтандыруға азаматтың кездейсоқ оқиғалардан, денсаулығын, еңбекке қабілетін және жеке басына байланысты өзге де мүдделерін сақтандыру жатады.

Мүліктік сақтандыруға мүлікті және кәсіпкерлік тәуекелдер мен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды қоса, сонымен байланысты мүдделерді сақтандыру жатады.

3. Лицензиаттар

12. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғаға Қазақстан

Республикасының заңдары мен осы Ережеде көрсетілген талаптарды сақтай отырып, берілуі мүмкін.

13. Заңды тұлғаның лицензияны алу үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төленген жарғылық қоры болуы тиіс.

4. Сақтандыру қызметін жүргізуге лицензия беру тәртібі

14. Заңды тұлғалар сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алуы үшін Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауына мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) лицензия алу үшін арыз;
- 2) құрылтайшы құжаттардың (нотариалды расталған) көшірмелері; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірленген жарғы; құрылтайшы шарт;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы актісінің көшірмесі;
- 4) жарғылық қордың төленгендігін растайтын құжаттар (банк анықтамасы, жарғылық қордағы салымның бір бөлігі құрылтайшылардың мүлкімен салынған жағдайда, салымның ақшалай құнын тәуелсіз аудиторлық тексеру деректері және б а с қ а қ ұ ж а т т а р) ;
- 5) сақтандыру түрлері бойынша ережеде (шарттарда) "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына және азаматтық заңдарда көзделген мәмілелердің ақиқаттығының жалпы шарттарына сәйкес м ы н а л а р б о л у ғ а т и і с ;
сақтандырудың субъектілерінің шеңберін көрсету;
сақтандырудың объектілерін көрсету;
сақтандырушының сақтандыру төлемі (негізгі және қосымша шарттар) жөнінде жауапкершілігі пайда болған жағдайда, сақтандыру тізбесін көрсету;
с а қ т а н д ы р у т а р и ф т е р і ;
сақтандыру мерзімдерін көрсету; сақтандыру шарттарын жасау және сақтандыру жарналарын төлеу тәртібі;
тараптардың сақтандыру шарттары жөніндегі өзара міндеттемелері мен сақтандыру шарттары бойынша төлемнен бас тартудағы мүмкін жағдайлар;
сақтандыру шарты жөніндегі талаптарды қарау тәртібі.

Сақтандыру ережелеріне (шарттарына) сақтандыру шарттары мен сақтандыру куәлігі (полистер, сертификаттар) нысандарының, ал дәрігерлік сақтандыру

бойынша дәрігерлік мекемелермен келісімінің үлгілері қоса берілуге тиіс.

Сақтандыру ережесі (шарты) тігілген, нөмірленген сақтандыру, ұйымының басшысы бекіткен, екі данада беріледі;

б) сақтандыру тарифтерінің есебі оған пайдаланылған әдістемелік есеп қосымшасымен және бастапқы мәліметтер көзін, сақтандыру ұйымының басшысы бекіткен, сондай-ақ тарифтік құрылымын көрсетіп екі данада беріледі;

7) басшы және оның орынбасарлары туралы анықтама.

Лицензия алу кезінде сақтандыру ережесінің (шартының) және тариф құрылымының бір данасы Қазақстан Республикасы Мемсаққадағалауының белгісімен сақтандырушыға қайтарылады. Өзге құжаттар немесе олардың көшірмелері берілмейді.

Қазақстан Республикасы Мемсаққадағалауының лицензиясын алған сақтандырушылар сақтандыру қызметінің жаңа түрлерін алу немесе сақтандырудың жаңа түрін жүргізуге рұқсат үшін тілек білдірген кезде, 14-тармақта көрсетілген, 2, 3, 4, 7-тармақшалардан басқа, егер олар жөніндегі мәліметтер өзгермесе, құжаттарды тапсырады.

15. Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауы лицензия беру туралы заңды тұлғалардың өтінішін арыз берушінің соңғы қосымша ақпаратты немесе Мемсаққадағалау сұратқан құжатты ұсынған күнінен бастап бір ай мерзім ішінде қ а р а й д ы .

16. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген әрбір лицензия үшін сақтандыру ұйымынан Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мөлшер мен тәртіпте төлем алынады. Төлем лицензия беру туралы шешім қабылданғаннан кейін енгізіледі.

17. Лицензия алуға негіз болып табылатын құжаттарға енгізілген өзгертулер туралы сақтандырушы осы өзгертулер енгізілген сәттен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауына дәлелдейтін құжаттарды бере отырып, х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

5. Лицензия беруден бас тарту

18. Лицензия беруден бас тарту мынадай негіздер бойынша болуы мүмкін: егер лицензия беру туралы арыз беруші арыз берген кезде осы Ереженің 14-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттарды табыс етпесе; егер "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ заңды тұлға лицензия алуға тілек білдірсе; егер сақтандыру ұйымының басшысына сақтандыру қызметімен айналысуға т ы й ы м с а л ы н ғ а н с о т ш е ш і м і б о л с а ;

егер "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жарғылық қордың мөлшері төленбесе; егер сақтандыру ұйымы лицензия сұраушыға дайындаған сақтандыру

құжаттары (шарттары, ережелері, сақтандыру жағдайлары және сол сияқтылар) өз мазмұны бойынша сақтандыру туралы заң талаптарына жауап бермесе.

Арыз беруші аталған кедергілерді жойған кезде оның арызы және оған қоса берілген құжаттары жалпы негізде қаралады.

19. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда арыз берушіге жазбаша түрде бас тарту себептерін көрсете отырып, арызды қарау белгіленген мерзімде жазбаша нысанда дәлелді жауап беріледі, бұл жағдайда құжаттар қайтарылмайды.

6. Қорытынды ережелер

20. Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауы ай сайын сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия берілген сақтандыру ұйымдары туралы деректер жариялайды, онда:

сақтандырушының атауы;

занды мекен-жайы;

ұйымдық-құқықтық нысаны;

лицензияның берілген күні;

лицензияның нөмірі;

лицензиямен рұқсат етілген сақтандыру түрлері көрсетіледі.

21. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемсаққадағалауының іс-әрекетіне шағымдануына құқығы бар.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 19 сәуірдегі

№ 478 қаулысына

2 қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫ
ҚАДАҒАЛАУЫ

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

Сериясы _____ N _____

Берілді _____

(сақтандырушының атауы және оның

_____ ұйымдық-құқықтық нысаны)

Заңды мекен-жайы _____

Сақтандыру қызметінің түрі _____

_____ (ерікті жеке және мүліктік сақтандыру түрлері қосымшада көрсетіледі)

Міндеттілік дәрежесі _____

Лицензияның қолданылу мерзімі _____ мерзімсіз

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Мемсаққадағалау
төрағасы (орынбасары)

М.О. _____ 199__ ж. " __ " _____

Тіркеу нөмірі _____

Алматы қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫ
ҚАДАҒАЛАУЫ

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген _____
N _____ сериялы мемлекеттік лицензиясына

N _____ ҚОСЫМША
(лицензиясыз жарамсыз)

_____ (сақтандырушы ұйымның атауы)

сақтандырудың мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқық берілген:

Ескерту. Сақтандыру түрлерінің тізбесі Мемсаққадағалау төрағасының (орынбасарының) қолымен және мөрімен расталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК